«БЕКІТЕМІН»
Қорқыт Ата атындағы
Қызылорда университетінің
Басқарма төрағасы-Ректоры
_____________ Б.С.Каримова
«30» ___04___ 2024 жыл

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ Білім беру бағдарламаларының сапасын мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін бағалау қорытындылары бойынша аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің сыртқы сараптау комиссиясының ұсынымдарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар

6В01721-қазақ тілі мен әдебиеті, 6В03270 – журналистика, 7М01724 - қазақ тілі мен әдебиеті педагогтерін даярлау, 8D01721-қазақ тілі мен әдебиеті

| № р/с | ССК Ұсынымдары | Ұсынымды орындау жөніндегі іс-шаралар | Орындалу мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|---|
| | | **1 стандарт. «Білім беру бағдарламасын басқару» бойынша** | | |
| 1. | - Университет басшылығы 2024 жылдың 1 қыркүйегіне дейін тәуекелдердің негізгі көздерін және оларды азайту жолдарын көрсететін Тәуекелдерді басқару саясатын әзірлеп, оларды қысқарту бойынша шаралар кешенін айқындасын; | Білім беру бағдарламаларының тәуекелдерін бағалауды жүйелеу және оларды төмендету жөніндегі шаралар кешенін айқындау КеАҚ Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің тәуекелдерді басқару туралы Ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.<br>БББ жыл сайын тәуекел паспортын жасап, анықталған тәуекелдердің пайда болуын болдырмау жөніндегі іс-шаралар жоспарын және есебін толтырады.<br>Аталған мәселелерді шешу үшін кәсіптік бағдар беру жұмыстарын кеңейтіп, белсендіру, алыс және жақын шетелдердегі оқу орындарымен әріптестік байланысты нығайту, кафедраларда кадрлар резервін даярлау, университет иммиджін көтеру іс-шаралары жасалады. | Қыркүйек, 2024 ж. | Стратегиялық жоспарлау және сапаны қамтамасыз ету басқармасы және БББ жетекшісі Ә.Б.Алмауытова |
| | - аккредиттелетін БББ | Оқу процесінде инновациялық білім беру | 2024-2025 оқу | БББ жетекшісі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | басшылығы мен оқытушылар құрамы қазіргі заманғы әдебиеттерді талдауға және өздерінің әзірлемелеріне сүйене отырып, оқу үрдісіне инновацияларды үнемі енгізудің механизмін 2024-2025 оқу жылына даярласын; | технологияларын дамыту және танымал ету тұрғысынан аккредиттелген БББ профессор-оқытушылық құрамының төмендегідей ғылыми-әдістемелік жұмыстарын жетілдіру қолға алынады.<br>**1.Қазақ тілі мен әдебиеті ББ бойынша:**<br>«Академиялық жазылымның теориясы мен практикасы» (6 кр.), «Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы» (6 кр), «Қазіргі қазақ лингвистикасының ғылыми парадигмалары» (5 кр.), «XIX ғасыр әдебиеті»(5 кр.) пәндері бойынша оқу құралы, білім алушыларды ғылымға баулуға байланысты практикалық тапсырмалар, нұсқаулықтар жасалатын болады.<br>**Журналистика ББ бойынша:**<br>«Қазіргі қазақ публицистері»(5 кр.), «Салалық журналистика» (5 кр.) бойынша оқу құралы жасалады. «Сыр өңірі публицистері шығармашылығы» (5 кр.) атты ғылыми- әдістемелік құрал шығарылады. | 2024-2025 оқу жылы | БББ жетекшісі Ә.Б.Алмауытова |
| | - БББ басшылығы 2024 жылдың 1 қыркүйегіне дейін нақты даму көрсеткіштерін белгілеп, БББ Даму жоспарын нақтылауы, уақыт талабынан туындаған жаңа сұраныстарды ескере отырып, білім беру бағдарламасы мазмұнының жаңартылуын қамтамасыз етсін. | 2024 жылдың 1 қыркүйегіне дейін БББ Даму жоспары нақтыланып, жаңа сұраныстар ескеріліп, білім беру бағдарламасының мазмұны жаңартылады. | Қыркүйек, 2024 ж. | Академиялық мәселелер жөніндегі департамент және БББ жетекшісі Ә.Б.Алмауытова |
| **2 стандарт. «Ақпаратты басқару және есептілік» бойынша** | | | | |
| 1. | - БББ басшылығына 2024-2025 оқу жылының басына дейін студенттермен, | БББ жүзеге асыруда студенттермен, қызметкерлермен және басқа да мүдделі тұлғалармен туындайтын жанжалдарды шешуде, тиімді қарым-қатынас | 2024-2025 оқу жылы | Әлеуметтік және тәрбие жұмысы бөлімі және БББ |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | қызметкерлермен және басқа да мүдделі тұлғалармен қарым-қатынас жасау, оның ішінде жанжалдарды шешу тетіктерін көрсететін шаралар белгілеуі қажет. | механизмдері енгізілетін болады. Атап айтқанда,білім алушалар арасында қолайлы микроклиматын қалыптастыруда қызметкерлер мен білім алушылар арасынан «Медиация» тобы құрылады және оның жұмысы жоспарланып, жүзеге асырылады. | | жетекшісі Ә.Б.Алмауытова |
| **3 стандарт.«Білім беру бағдарламасын әзірлеу және бекіту» бойынша** | | | | |
| | - 2024 жылдың қыркүйек айына дейін бітірушінің кәсіби дағдыларын (hard skills) ғана емес, сонымен бірге әмбебап құзыреттіліктерді, «жұмсақ дағдыларды» (soft skills) дамытуды қамтитын заманауи еңбек нарығының талаптарына сәйкес аккредиттелген білім беру бағдарламаларының түлектері үшін құзыреттілікке негізделген үлгі әзірлесін,ЖОО оқыту нәтижелері мен тұлғалық қасиеттерін сипаттайтын БББ түлегі моделін жаңартсын; | Бітірушінің кәсіби дағдыларын (hard skills), сонымен бірге әмбебап құзыреттіліктерді, «жұмсақ дағдыларды» (soft skills) дамытуды қамтитын заманауи еңбек нарығының талаптарына сәйкес түлектер үшін құзыреттілікүлгісі әзірленеді. Сондай-ақ БББ түлегі моделі жаңартылатын болады. | Қыркүйек, 2024 ж. | БББ жетекшісі Ә.Б.Алмауытова |
| | - БББ басшылығы 2025-2026 оқу жылының аяғына дейін халықаралық білім беру нарығында БББ позициясын пайдалану және БББ шеңберінде оқу материалдарын | 6В02370-журналистика БББ бойынша Қорқыт ата атындағы БББ басшылығы 2025-2026 оқу жылының аяғына дейін Қызылорда университеті және Түркия Республикасы, Анкара қ., Қажы Байрам Уәли университеті арасында біріккен білім беру бағдарламасы | 2025-2026 оқу жылы | Академиялық мәселелер жөніндегі департамент және БББ жетекшісі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | цифрландыру мақсатында шетел университеттерімен қос дипломды БББ енгізсін. | жасалып, реестрге енгізіледі. | | Ә.Б.Алмауытова |
| | - БББ басшылығы 2025-2028 оқу жылдарына арналған даму жоспарында жасанды интеллект пен веб-технологияларды белсенді енгізуді, Google, Adobe, Apple, Microsoft, OpenAI және т.б. компаниялардың бағдарламалық қамтамасыз етуді меңгеруді ескере отырып, студенттерді медиа индустрия саласында кәсіби сертификаттауға дайындау мүмкіндігі қарастырылсын. | 6В02370-журналистика БББ бойынша 2025-2028 оқу жылдарында оқу үдерісіне жасанды интеллект пен веб-технологияларды енгізу, бағдарламалық қамтамасыз етуді меңгерту, студенттердің медиа индустрия саласында кәсіби сертификаттау кезең-кезеңімен жүзеге асырылады. | 2025-2028 оқу жылы | БББ жетекшісі Ә.Б.АлмауытоваЗ. Н.ЕрмағанбетоваА. Б.Жолмаханова |
| **4 стандарт.«Білім беру бағдарламасының тұрақты мониторингі және мерзімді бағалау» бойынша** | | | | |
| 1. | - 2024-2025 оқу жылына дейін барлық мүдделі тараптар БББ-сына қатысты жоспарланған немесе қабылданған әрекеттер туралы хабардар болуы, оған енгізілген барлық өзгерістер жариялануы керек. | Барлық мүдделі тараптар (жұмыс беруші, ата-ана, білім алушылар) БББ-дағы барлық жоспарланған немесе жасалған өзгерістертуралы университет сайты менфейсбуктегі «Қазақ тілі мен әдебиеті және журналистика БББ» парақшасынан тиісті ақпаратқа қол жеткізеді. | 2024-2025 оқу жылы | Медиа орталығы және БББ-ның профессор-оқытушылар құрамы |
| **5 стандарт.«Студентке бағытталған білім беру, оқыту және үлгерімді бағалау» бойынша** | | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |
| | - 31.12.2024 жылға дейін БББ басшылығы оқу пәндерінің силлабустарын жүйелі түрде жаңартуды, студентке бағдарланған оқыту қағидаттарын енгізуді, студенттік іс-әрекет түрлерін егжей-тегжейлі көрсетуді, олардың баламалы нұсқаларын қамтамасыз етуді және бағалаудың нақты тәсілдерін әзірлеуді қамтамасыз етуі керек. | БББ оқу пәндерінің силлабустары жыл сайын жүйелі түрде жаңартылады, білім алушыға бағдарланған оқыту қағидаттары назарға алынады, оқу жетістіктерін пән ерекшелігіне байланысты бағалаудың жаңа критерийлерін жаңарту жүзеге асырылады. | Қыркүйек, 2024 жыл | БББ жетекшісі Ә.Б.АлмауытоваК. Т.ҚұдайбергеноваА .Қ.Уразова |
| **6 стандарт. «Білім алушылар» бойынша** | | | | |
| | - БББ басшылығы 2024 жылғы 1 қыркүйекке дейін жаңадан қабылданған және шетелдік студенттер үшін арнайы бейімделу және қолдау бағдарламаларын әзірлеуі керек; | «Шетелдік студенттерді университеттегі оқу жағдайларына бейімдеу» және «Қорқыт Ата атындағы ҚУ бірінші курс студенттерін бейімдеу» Ережелеріне сәйкес жұмыстар жүргізіледі. Атап айтқанда, БББ бойынша алыс және шетелден келген білім алушылар санының аз болуына және олардың қазақ тілін жақсы меңгергеніне байланысты арнайы оқу жұмыс бағдарламаларын жасаудың өзектілігі жоқ, алайда оларды қолдау бойынша кешенді іс-шаралар жасалады. | Қыркүйек, 2024 жыл | БББ жетекшісі Ә.Б.АлмауытоваГ. Ш.Бекмағанбетова А.Қ.Абдразахова |
| | - БББ басшылығы 2024-2027 оқу жылдары түлектерді жұмысқа орналастыруды жақсарту мақсатында тәжірибе | БББ бойынша түлектерді жұмысқа орналастыру үнемі жолға қойылып келеді. Алдағы уақытта сұраныс талаптарына сай облыстық, қалалық мектептер және телерадио компаниялар, мерзімді басылымдар арасындағы | 2024-2027 оқу жылы | Рекрутинг және мансап басқармасы<br>БББ жетекшісі |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | базаларымен және өндірістегі серіктестерімен жұмысты жандандырсын; | байланыс жетілдіріледі. | | Ә.Б.Алмауытова |
| | - БББ басшылығы 2024 жылғы 1 қыркүйекке дейін түпкілікті нәтижені жақсарту мақсатында түлектердің жұмысқа орналасуына мониторингті жіті жүргізіп, деректердің шынайылығын қамтамасыз етсін. | БББ жетекшісі 2024 жылғы 1 қыркүйекке дейін барлық бітіруші түлектердің жұмысқа орналасуын облыстық жұмыспен қамту орталығының мәліметі негізінде мониторинг жасайды. | Қыркүйек, 2024 жыл | БББ жетекшісі Ә.Б.АлмауытоваГ. Ж.Баялиева |
| | - ЖОО басшылығы 2024-2025 оқу жылында білім алушылардың сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлығы үшін мүмкіндікті кеңітуі, сыртқы гранттар алуға жәрдемдесуі тиіс. | Барлық БББ бойынша білім алушылардың сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлығын дамыту мүмкіндіктері жетілдіріледі. | 2024-2025 оқу жылы | Академиялық мәселелер жөніндегі департамент және БББ жетекшісі Ә.Б.Алмауытова |
| **7стандарт.«Профессорлық-оқытушы құрамы» бойынша** | | | | |
| | - БББ басшылығы 2024-2025 оқу жылының басынан бастап аккредиттелген БББ оқу процесінде оқыту іс-шараларының көмегімен педагогикалық ұжымның ақпараттық-коммуникациялық | 2024-2025 оқу жылында БББ қарасты №105, №125, №306 дәрісханалар күрделі жөндеуден өткізіліп, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және бағдарламалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын материалдық-техникалық құрал-жабдықтарды алу жоспарланып, жүзеге асырылатын болады. | 2024-2025 оқу жылы | Шаруашылық департаентінің директоры Ғ.Қ.УтегеновБББ жетекшісі Ә.Б.Алмауытова |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | технологияларын және бағдарламалық қамтамасыз етуді кеңінен қолдануды қамтамасыз етсін; | | | |
| | - университет басшылығына 2024 жылдың соңына дейін профессор-оқытушылық құрамды аймақты дамытуға тартуды күшейтуі және экологиялық жағдай мен сауалнамалардың нәтижесін ескере отырып, медициналық көмек көрсетуді жақсартудың шараларын әзірлеуі керек. | 2024-2025 оқу жылынан бастап облыстық Қоғамдық даму басқармасы, облыстық ассамблея, облыстық білім, мәдениет, спорт т.б. басқармаларымен мемлекеттік тілді дамыту және қазақ әдебиетін насихаттау іс-шараларына БББ профессор-оқытушылар құрамын тарту ұдайы іске асырылады.<br>Университет басшылығы оқу ғимараттарындағы медициналық көмек көрсету жұмыстарын қолға алады. | 2024-2025 оқу жылы | БББ жетекшісі Ә.Б.АлмауытоваА. АбасиловБ.Боранбай |
| **8 стандарт. «Білім беру ресурстары және студенттерді қолдау жүйесі» бойынша** | | | | |
| | - білім беру орны басшылығы 2024-2025 оқу жылының басына модульдік оқытуға негізделген жеке білім беру траекторияларын қолданыстағы БББ-ға енгізсін; | 2024-2025 оқу жылында 6В01721-қазақ тілі мен әдебиеті БББ бойынша «Тілді оқытудың технологиялары», «Әдебиетті оқытудың технологиялары»және 6В02370-журналистика БББ бойынша «Телерадиожурналистика», «Қоғаммен байланыс» жеке білім беру траекторияларына модульдік оқыту технологиясы енгізілетін болады. | 2024-2025 оқу жылы | БББ жетекшісі Ә.Б.Алмауытова |
| | - университет басшылығы 2024 жылдың 1 қыркүйегіне дейін жас санатына, өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға, шетелдік студенттерге, сондай-ақ арнайы білімі бар студенттерге баса назар | Университет басшылығы жас санатына, өзін-өзі жұмыспен қамтығандарға, шетелдік студенттерге, сондай-ақ арнайы білімі бар студенттерге баса назар аудара отырып, инклюзивті білім берудің ерекшеліктерін (түрлі топтағы студенттердің қажеттіліктерін, соның ішінде білім алушылардың | Қыркүйек, 2024 жыл | Шаруашылық департаментінің директоры Ғ.Қ.Утегенов<br>Академиялық |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | аудара отырып, инклюзивті білім берудің ерекшеліктерін (түрлі топтағы студенттердің қажеттіліктерін, соның ішінде білім алушылардың ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, инфрақұрылымды және оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді жақсарту – инклюзивті білім беруді (пандустар, лифтілер, нашар көретіндерге арналған жолдар және т.б.)) есепке алу механизмін енгізсін. | ерекше қажеттіліктерін ескере келе, инфрақұрылымдық және оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді жақсарту – инклюзивті білім беруді (пандустар, лифтілер, нашар көретіндерге арналған жолдар және т.б.)) есепке алу механизмі жоспарлауды және жүзеге асыруды жолға қойды. | | мәселелер жөніндегі департамент басшысы Б.А.Досжанов<br><br>БББ жетекшісі Ә.Б.Алмауытова |
| **9 стандарт. «Қоғамды ақпараттандыру» бойынша** | | | | |
| 1. | -БББ басшылығы 2024 жылдың 1 қыркүйегіне дейін университеттің веб-сайтында орналастырылған ақпаратты БББ ерекшеліктері туралы объективті ақпаратпен (оқытудың күтілетін нәтижелерін көрсете отырып; БББ аяқталғаннан кейін біліктілікті беру мүмкіндігін туралы ақпарат) жаңарту; оқыту, оқу, бағалау процедуралары және т.б. туралы | Университет басшылығы көпшілікті және мүдделі тұлғаларды ақпараттандыру үшін ақпаратты таратудың әртүрлі әдістерін (соның ішінде БАҚ, веб-ресурстар, ақпараттық желілер және т.б.) қолдануды жетілдіруге қатысты іс-шараларды назарға алып, бақылауды жолға қояды. Сондай-ақ веб-сайтты барлық жарияланған тілдерде жұмыс тәртібінде жүргізу, веб-сайттағы ақпараттарға жыл сайын мониторинг жасау жоспарланады. | Қыркүйек, 2024 жыл | Медиа орталығыК.С.Сейтжанқызы С.Ә.Жүзеев |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ақпарат), педагогикалық қызметкерлердің жеке беттерін қоса алғанда, сондай-ақ веб-сайтты барлық жарияланған тілдерде жұмыс тәртібінде жүргізу, веб-сайттағы ақпараттың жыл сайынғы мониторингі қамтамасыз етілсін. | | | |

Академиялық мәселелер бойынша
Басқарма мүшесі - проректор — Д.М.Абдрашева

Басқарма мүшесі – Ғылыми жұмыстар және
халықаралық байланыстар жөніндегі проректор — М.А.Бурибаева

Басқарма мүшесі – әлеуметтік және тәрбие
жұмыстары жөніндегі проректор — Ж.Н.Базартай

Академиялық мәселелер жөніндегі
департамент директоры — Б.А.Досжанов

Стратегиялық жоспарлау және сапаны
қамтамасыз ету басқармасының басшысы — Ж.Т.Жақсылықова

Институт директоры — С.Т.Тайман

БББ жетекшісі — Ә.Б.Алмауытова